**Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің**
**қамқоршылық кеңесі отырысының**
**Хаттамасы № 2**

Шардара қаласы 17.08.2023ж

**Қатысқандар: 13**

**Күн тәртібінде**

1.Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту;
2.Білім беру мекемелеріндегі Қамқоршылық Кеңесінің құрамын жаңадан сайлау және бекіту;
3.Мектеп Жарғысымен таныстыру;
4.«Мектепке жол» акциясына қатысып, азқамтылған отбасыларына көмек ұйымдастыру;
5. Әртүрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

1.I мәселе бойынша Зулей Ә.I –қамқоршылық кеңесінің төрайымы алғаш сөз алды. 2023-2024 оқу жылындағы жаңалықтар туралы айтылды. Жаңа оқу жылында жаңартылған білім мазмұны бағдарламасына өткен оқу жылындағы сыныптар жалғастырылып жатқандығы туралы айта кетті. «Мектепке жол» акциясына қатысып демеушілер көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасы балаларына мектепке қажетті құралдар және киім-кешек алып берetіндер болды. Қамқоршылық кеңесінің жалпы жоспарында жалпы мектеп оқушыларымен қамқорлық көрсете отырып, аз қамтылған жанұяларға да көмек көрсету, «мектепке жол» акциясын ұйымдастыруға ат салысу бөлімдерінен тұратындығын айта кетті. Өткен оқу жылындағы қамқоршылық кеңесі жұмысын талқылай келе, осы оқу жылындағы міндеттерді де айтты. Осы оқу жылында камқоршылық кеңесі жұмысын жандандырып,ресм тіркеуден өту үшін бірігіп жұмыстануға шақырды.

2. II мәселе бойынша Назарбеков О. қамқоршылық кеңесі ережелерімен таныстырды. 2017жылдың 27 шілдеде № 355 бұйрығы бойынша қызмет етіп, жалпы ережелер мен заңдылықтарға бағынатындығын да айта кетті. Жалпы ережелер мен камқоршылық кеңесінің төрайымын сайлау туралы айта келіп Зулей Ә кайта сайлау немесе бекіту туралы да айтты. Дегенмен барлық қамқоршылық кеңесі мүшелері бір ауыздан Зулей Ә. I. төрайымы болуын қолдады. Осы оқу жылында қамқоршылық кеңесі ережеге сай бекітілгендігі және қамқоршылық кеңесінің хатшысы мүше бола алмайды деп мектептің әлеуметтік педагогы Эстемесова Азиза бекітілді.

3. III мәселе бойынша Биту Жанайдар сөз алды. Мектептегі мектеп жарғысында жазылған ережелерм және «Білім» заңында көрсетілген оқушыға қойылатын талаптарды сақтауды, яғни мектеп формасының сақталуын қолдайтындықтарын айтты. Оқушы үшін әрі қолайлы, ата-ана үшін артық шығынсыз, оқушыны мектеп жасынан мәдениеттілікке тәрбиелейді деп айта кетті. Мектеп формасының сақталуын қадағалау үшін қамқоршылық кеңесі мүшелері қажетті жағдайда мектепте оқушылардың мектеп формасын үнемі киіп жүруін кезекшілік ұйымдастырып, қадағалауға да қарсы емеспіз деді. Мектепішіл шараларда қажетті деңгейде өтуі үшін қамқоршылық кеңес қолда бар материалдық көмектерін аямайм деп те қолдау білдірді. Қалталы азаматтар немесе жүрегі жылы қолы ашық азаматтарды да қамқоршыл кеңесі арқылы айтып көмек керек болған жағдайда жиналып бірігіп шешім қабылдаймыз деп жатты.

4 мәселе бойынша Ә.I. Зулей қамқоршылық кеңес төрайымы өз сөзінде, «Мектепке жол» акциясы шеңберінде барлық көмекке мұқтаж отбасыларды анықтау,отбасылардың әлеуметтік қажеттіліктерін анықтап көмектер беру.

**Қаулы:**

· Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін;
· Қамқоршылық Кеңесінің торайымы Зулей Ә.Iқамқоршылық кеңесінің құрамы 9 адам болып бекітілсі
Мектеп оқушыларының классикалық үлгіде киініп санитарлық талаптың сақталуын ата –ана және қамқоршылық кеңесі мүшелері тарапынан қадағалансын;
«Мектепке жол» акциясына белсене катысу, қажетті жағдайда барынша аз қамтылған отбасыларына көмек көрсетілсін;

Қамқоршылық кеңесі төрайымы: Зулей Ә. I.
Хатшы: А. Эстемесова

Scanner App Lite

**Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің әлеуметтік педагогтары «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында өткізілген іс-шарасының Хаттамасы. №4**

Шардара қаласы 24.10.2023ж

**Күн тәртібінде**

1. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын өткізу туралы
2. Әртүрлі мәселелер.

**Тыңдалды:** Акцияны ұйымдастырушылар өз қаласының барлық азаматтарына, бизнесмендерге, кәсіпкерлерге, меценаттарға акцияға қосылу және өмірлік қиын жағдайдағы отбасылар мен балаларға көмек көрсетуге өз үлесін қосу ұсынысымен жүгінеді.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы әлеуметтік көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады, оның мектепке жолы қуанышты болуы үшін әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аудара алады.

**Акцияның мақсаты** — аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Жақсы істің жемісті болуы оның жүйелі жүзеге асырылуымен «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының аясында Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп биыл да көптеген қамқорлық шараларын көрсетсек деген мақсатпен акциясының бастауы жасалынды.

24.10.2023 ж. күні «Мейірімділік жүректен» атты қамқорлық қайырымдылық акциясын өткіздік.

«Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру барысында түскен қаржыға аз қамтылған, көп балалы, жартылай жетім отбасы балаларына көмек берілді.

Әлеуметтік педагогтар. Л. Эстемесова
Г.Еркинбаева

Scanner App Lite

**Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің**
**қамқоршылық кеңесі отырысының**
**Хаттамасы № 3**

Шардара қаласы 20.12.2023ж

**Күн тәртібінде**

**Қатысқандар: 12**

**Күн тәртібінде:**

1.Мектеп асханасының жұмысын қадағалау, сарапшылар жұмысын ұйымдастыру

2.Аудан, қала әкімі шыршасына қатысатын оқушыларды анықтау, жаңа жыл мерекесін ұйымдастыруға қолдау көрсету.

**Тыңдалды:**

1.Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы Ә. Зулей мектеп оқушыларының дұрыс тамақтануын бақылау мәселесін таныстырды. Мектеп асханасы санитарлық ережелер мен талаптарға сай жабдықтармен жабдықталғандығын, арнайы тамақ сапасын тексеру комиссия мүшелері бақылау жүргізіп тұратындығын баса айтты. Қазіргі уақытта мектебімізде 1-11 сыныптар арасында 703 оқушы білім алуда. 1-11 сыныптардың әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасының Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасынан шыққан 4 оқушыға қыстық аяқ киім алып берілгендігі туралы айтты. 1-4 сыныптар арасында 259 бала тегін ыстық тамақпен қамтылған. 2008 жылғы 25 қаңтарындағы № 64 қаулысында корсетілген санаттағы оқушыларды және 1-4 бастауыш сынып оқушыларын тегін бір мезгілдік ыстық тамақпен қамту ұйымдастырылды, барлық бастауыш сынып оқушыларын бір мезгілдік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасынан шыққан балаларды сынып жетекшісімен қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесе отырып анықтай келе, мектептегі бір мезгілдік тегін ыстық тамақпен 40 оқушы қамтылды.Мектеп асханасында тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылуы күнделікті бақыланып отыратындығын айтып өтті. Ас мәзірімен асхананың санитарлық талаптарға сәйкестігі, асхана қызметкерлерінің қызмет көрсету барысы мен сапасы, шикізаттың жеткілікті қолданылуы, дайын астың сапасын бақылайтын бракераж журналдың уақытында толтырылуын, бекітілген мәзір бойынша дайын ас көлемінің сәйкестігі қаралатындығы ескертілді. Дефектолог ас сақтайтын қоймалары және тоңазытқыштарды тексеріп отыратындығын, сонымен бірге қамқоршылық кеңес мүшелері тарапынан үнемі қадағаланып отыратындығын ескертті. Оқушыларға ас мәзірі бойынша тамақ беріледі, оқушылар уақытында келіп тамақтанады, тегін ыстық тамақ тиісті мөлшермен беріледі. Қызметкерлер санитарлық талапқа сай қызмет корсетеді. Дайын астың сапасын бақылайтын бракераждық журнал уақытында толтыратындығын айтып өтті.

2.Екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог- А. Эстемесова сөз алып «Мейірбандық күндері» қайырымдылық айлығы және «Жанашыр Жүрек» халықтық акция аясында «Жомарт жандар» мектебі атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылғандығын, түскен қаржыны әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына азық- түлік себетімен көмек көрсетілді.

28-29 желтоқсан күндері Аудан, қала әкімінің жаңа жылдық шыршасына мектебімізден әлеуметтік мәртебеге сай оқушыларымыз барып қатысып қайтты «Мектепке жол» және балалар жылы аясында қайырымыдылық көрсеткен жандарымыздың бірі «Майқала» бастауыш партия ұйымының төрайымы мектебіміздің бірқатар оқушыларына спорттық киімдер мен жаңа жылдық тәттілер табыстады.

**Қаулы:**

1.Мектеп асханасының жұмыс жүйелі қадағалансын

2.Анықталған аудан, қала әкімі шыршасына баратын оқушылардың қатысуы ұйымдастырылсын. демеушілер тарапынан берілген сыйлықтар санаттағы оқушыларға берілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Зулей Ә
Хатшы: А. Эстемесова

Scanner App Lite

**Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің қамқоршылық кеңесі отырысының**
**Хаттамасы № 1**

Шардара қаласы 26.01.2023ж

Жиналысқа қатысқандар 12
Қамқоршылық кеңес төрайымы: Зулей Әлия Ізтілеуқызы
Назарбеков Оразбай
Саудабаев Амангелді
Биту Жанайдар
Өтегенова Ұлсерік
Тілеуберді Нәзипа
Шолықбаев Мамырхан
Карибаева Зоя кАликуловна
Надирбаева Динара Оразбаевна
Мектеп директоры: Е. Акбердиев
Әлеуметтік педагогтар: Г.Еркинбаева

**Күн тәртібінде**

1.Әлеуметтік жағынан көмек қажет ететін отбасыларға жасалған рейд жөнінде
2.Әртүрлі мәселелер

**Тыңдалды:** Сөйледі. Қамқоршылық кеңес төрайымы А. Зулей ол өз сөзінде мектепте өткен қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстарының нәтижелері туралы айтып өтті. Қайырымдылық шараларға белсенділік танықтан тұлғаларды марапаттауға ұсыныс жасады.

Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасынан шыққан 2 оқушыға қыстық аяқ кием алып берілгендігі туралы айтты.Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасынан шыққан балаларды сынып жетекшілермен бірлесе отырып анықтай келе, мектептегі бір мезгілдік тегін ыстық тамақпен 80 оқушы қамтылды.

Сөйледі: кеңес мүшесі А. Саудабаев өз сөзінде жыл бойына өтетін «Мектепке жол» акциясы аясында күнкөрісі төмен және аз қамтылған отбасы балаларының нақты тізімін анықтап, барлығына оқуға қажетті құрал жабдықтармен қамтуға жағдай ұйымдастырсақ деген ұсыныс жасады.

Сөйледі. Мектептің әлеуметтік педагогы А. Эстемесова әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасы балаларының үйіне барып сабаққа келмей жүрген себебін анықтап қайтты.

Мектептегі ерлер қауымы әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасы балаларына қайырымдылық көмек жасап сабаққа келе алмай жүрген екі оқушыға қыстық аяқ кием алып берілді.

1.Жексенбай Сабина -7 «Ә» сынып оқушысы
2.Жексенбай Әлия- 5 «Ә» сынып оқушысы

**Қаулы:**

1.Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасылар балалары сабаққа келмей қалуының алдын алу назқарға алынсын.
2.Ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың тамаққа баруын қадағалау

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Зулей Ә
Хатшы: А. Эстемесова

Scanner App Lite

**Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің**
**қамқоршылық кеңесі отырысының**
**Хаттамасы № 5**

Шардара қаласы 19.01.2024ж

**Күн тәртібінде**

**Қатысқандар: 12**

1.Әлеуметтік жағынан көмек қажет отбасыларға жасалған рейд жөнінде
2.Әртүрлі мәселелер
Тыңдалды: Сөйледі. Қамқоршылық кеңес төрайымы А. Зулей ол өз сөзінде мектепте өткен қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстиарының нәтижелері труалы айтып өтті. Қайырымдылық шараларға белсенділік танықтан тұлғаларды марапаттауға ұсыныс жасады. Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасынан шыққан 4 оқушыға қыстық аяқ киім алып берілгендігі туралы айтты. 1-4 сыныптар арасында 259 бала тегін ыстық тамақпен қамтылған. 2008 жылғы 25 қаңтарындағы № 64 қаулысында көрсетілген санаттағы оқушыларды және 1-4 бастауыш сынып оқушыларын тегін бір мезгілдік ыстық тамақпен қамту ұйымдастырылды, барлық бастауыш сынып оқушыларын бір мезгілдік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасынан шыққан балаларды сынып жетекшісімен қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесе отырып анықтай келе, мектептегі бір мезгілдік тегін ыстық тамақпен 40 оқушы қамтылды.және
Сөйледі: кеңес мүшесі А. Саулабаев ол өз сөзінде жыл бойына өтетін «Мектепке жол» акциясы аясында күнкөрісі төмен және аз қамтылған отбасы балаларына нақты тізімін анықтап, барлығына оқуға қажетті құрал жабдықтармен қамтуға жағдай ұйымдастырсақ деген ұсыныс жасады.
Сөйледі. Мектептің әлеуметтік педагогы А. Эстемесова әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасы балаларының үйіне барып сабаққа келмей жүрген себебін анықтап қайтты. Мектептегі ерлер қауымы әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасы балаларына қайырымдылық көмек жасап сабаққа келе алмай жүрген екі оқушыға қыстық аяқ киім алып берілді. «Алихан» сауда орталығы әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен 2 отбасыға азық- түлік себетін тарту етті.

**Қаулы:**

1.Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасылар балалары сабаққа келмей қалуының алдын алу назарға алынсын.
2.Ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың тамаққа баруын қадағалау

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Зулей Ә
Хатшы: А. Эстемесова

Scanner App Lite

**Б.Сокпакбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің**
**камкоршылык кеңесі отырысының**
**Хаттамасы № 6**

Шардара қаласы 22.05.2024ж

**Қатысқандар: 12**

**Күн тәртібінде:**

1. Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акция
2.Оқушылардың жазғы демалысын және қала сыртындағы лагерьге баруын ұйымдастыру
3. «1 маусым» балаларды қорғау күні

Тыңдалды:

1. **МДТІЖО Оқушылардың жазғы демалысын және кала сыртындағы лагерьге баруын ұйымдастыру.** Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектебімізде жазғы мектеп лагері жұмыс жасады. Оған бірінші кезекте әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылар жұмылдырылып, арнайы жұмыс жоспарына сәйкес іс-шаралар өз мәресінде өтілді. Ондағы басты максат – оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Мектеп лагерінде сабақ үлгерімі төмен оқушылар ойын форматындағы қосымша сабақтардан өтіп білімін шыңдап, түрлі спорттық сайыстарға қатысты. Мектебіміздегі жазғы лагерьдегі балаларға демеушілік жасаған «Алихан сауда орталығы» оқушыларымызға 150 дана балмұздақ таратты.

Сонымен қатар оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру қызметі қала сыртындағы лагерьлерге бару аркылы ұйымдастырылатын болады. 2022-2023 оқу жылында мектебіміздің 50 оқушысы қала сыртындағы лагерьге барып демалды. Биыл 42 оқушыны қала сыртындағы лагерьге жіберу жоспарланып отыр.

«1 маусым балаларды қорғау» күні мерекесінде «Саз мектебі», «Оқушылар үйі», мектебімізден 4 оқушыға Олжабай Аян, Олжабай Айзере, Жакипова Таңсұлу, Мейрамбек Бақкелді осы оқушыларға тегін сыйлықтар және балмұздақ берілді.

1. **МДШІЖО Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акция.** Мемлекет басшысы Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы Ағымдағы жылдың 21 наурызында «Мекенім – жасыл орманым», «Бұл – менің ағашым», «Парктер шеруі», «Су көздерін ашу, бұлақтарды тазарту», «Таза су айдындары» және «Бірге таза Қазақстан» атты науқандары басталды. Осыған орай мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында ағымдағы жылдың 21 наурызында жаратылыстану бірлестігінің ұйымдастыруымен «Атадан мал қалғанша, тал қалсын..." ағаш отырғызу іс-шарасы жүргізілді. Іс-шараға мектеп ұжымы, оқушылар белсене ат салысты. Нәтижесінде мектеп ауласына гүлдер, ағаш отырғызылды.

Сонымен катар, мектеп ұжымы «Ауылымыз бен ауламызды таза ұстайық, ағайын» атты мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Іс-шара барысында мектеп айналасына гүлдер мен ағаштар отырғызылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

**Қаулы:**

1.Қала сыртындағы лагерьге баратын оқушылардың құжаттарын жинақтау.
2.Әлеуметтік педагог жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың мүлкінің сақталуы және оқу үлгерімі.

Қамкоршылық кеңес төрайымы: Зулей Ә.
Хатшы А. Эстемесова

Scanner App Lite